

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛДІ  
(2021 жылғы 10 маусым №1 Шешім)



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та  
білім алушыларға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер жасау туралы  
ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

Осы «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та білім алушыларға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер жасау туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынымдарына сәйкес, білім алушыларды әлеуметтік қорғау, академиялық үлгерімін арттыруға ынталандыру және материалдық қолдау мақсатында әзірленді. Ереже оқу ақысын төмендетудің немесе төлемнен босатудың шарттарын реттейді, төлемді төмендетудің шектерін белгілейді, сондай-ақ оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктерге үміткер болуға құқылы білім алушылардың санаттарын айқындайды.

### 2. Бакалавриатта білім алушыларға оқу ақысын төмендету

2.1. *сессияны сәтті тапсырған жағдайда (отте жақсы және жақсы) бір семестрге кейіннен тағы бір семестрге ұзарта отырып, оқу ақысын төлеуге жеңілдік алуға келесілер үміткер болуға құқылы:*

2.1.1. *соңғы бір жылда 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен марапатталған* халықаралық, республикалық, өңірлік (бейіндік пәндер бойынша Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-да өткізілетін), президенттік олимпиадалардың, ғылыми жобалар конкурстарының; халықаралық және республикалық орындаушылар конкурстарының және спорттық жарыстардың (ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің өткізілетін спорттық жарыстар тізіліміне енгізілген); стартап-жобалардың халықаралық және республикалық конкурстарының жеңімпаздары, олар таңдаған ББ олимпиаданың, конкурстың немесе жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда – 1 орын - 20%; 2, 3 орын - 10%.

2.1.2. ұлттық құрама мүшелері (Олимпиада спорт түрлері бойынша), «Алтын Белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар, ҰБТ көрсеткіші 120 балдан төмен болмаған жағдайда - 20%;

2.2. *бір оқу жылына оқу ақысын төлеуге жеңілдік алуға келесілер үміткер болуға құқылы:*

2.2.1. растау құжаттарын ұсынған жағдайда көп балалы отбасынан шыққан балалар (кемінде 4 бала, 23 жасқа дейін) – 10%;

2.2.2. егер «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та бір отбасынан ақылы негізде 2 студент оқыса – әр балаға 10%;

2.2.3. шетелдік студенттер – 10%;

3.4. Факультет декандары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының ұсынымдары мен қолдау хаттары, академиялық аттестаттау қорытындысы бойынша комиссияның ұсынымдары «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та оқу ақысын төлеуден босату (төлемді төмендету) туралы мәселелерді қарау үшін негіз болып табылады.

3.5. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та оқу ақысын төлеуден босату университет Басқармасының шешімі негізінде белгіленген оқу кезеңіне ұсынылған құжаттар, қолдау хаттар, ұсынымдар негізінде жүзеге асырылады.

3.6. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та оқу ақысын төлеуден босату туралы шешім ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады.

3.7. Оқу ақысын төлеуден босату туралы оң шешім қабылданғаннан кейін «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ пен «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін – кемінде бес жыл; магистрлік диссертациясын қорғағаннан кейін – кемінде үш жыл міндетті жұмыспен өтеуді көздейтін магистратурада/докторантурада (PhD) білім алушылар арасында келісім жасалады.

3.8. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та оқу ақысын төлеуден босатылған білім алушы жыл сайын 1 тамызға дейінгі мерзімде комиссия қарауына Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілген білім алушының академиялық және ғылыми жетістіктері туралы ақпаратты, есепті академиялық кезеңде жарияланған ғылыми жұмыстардың тізімін қамтитын магистранттың/докторанттың жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы егжей-тегжейлі есепті ұсынады. Білім алушының есебі негізінде комиссия оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктерді ұзарту немесе тоқтата тұру туралы ұсыным береді.

3.9. Осы «Ережеде» оқу ақысынан босату туралы қарастырылмаған мәселелерді шешу «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ Басқармасының құзыретіне жатады.

#### **4. Оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер жасау және тоқтату тәртібі**

4.1. Оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер жасау білім алушының/ата-ананың жеке өтініші бойынша Басқарма мүшелерінің шешімі негізінде бір академиялық кезең (семестр) мерзімінде жүргізіледі.

4.2. Білім алушы оқу тәртібін бұзғаны үшін оқудан шығарылған және корпоративтік әдеп кодексін сақтамаған жағдайда оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер оқудан шығару туралы бұйрық шыққан сәттен бастап тоқтатылады.

4.3. Балалары жеңілдікке үміткер оқытушыларға немесе қызметкерлерге оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер алу үшін оларды өтеу бойынша міндеттемені көздейтін университетпен келісім жасасу қажет.

4.4. Осы Ережеде қарастырылмаған жеңілдіктер беру жөніндегі мәселелерді шешу «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ Басқармасының құзыретіне жатады.

4.5. Білім алушы жеңілдіктерге тек бір санат бойынша ғана үміткер болуға

### **2.3. оқудың барлық кезеңіне оқу ақысын төлеуге жеңілдік алуға келесілер үміткер болуға құқылы:**

2.3.1. қажетті растау құжаттарын ұсынған жағдайда медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес жоғары оқу орнында оқуға қарсы көрсетілімі жоқ мүгедек балалар, бірінші және екінші топтағы мүгедектер –10%;

2.3.2. құжат тапсыру сәтінде академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-де жұмыс істейтін оқытушылардың немесе қызметкерлердің балалары ата-аналарының жұмыс өтілі 5-тен 10 жылға дейін болса – 15%, 10-нан 15 жылға дейін болса – 25%, 15 жыл және одан жоғары болса – 50%;

2.3.3. қажетті растау құжаттарын ұсынған жағдайда жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары – 50%.

### **3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға оқу ақысын төмендету**

3.1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ білім алушыларының оқу ақысын төмендету немесе оқу ақысын төлеуден босату ғылыми қызметті танымал ету, ғылыми дәрежелері мен атақтары бар қызметкерлер санын ұлғайту, жоғары оқу орнының кадрлық әлеуетін дамыту, білім алушыларды әлеуметтік және материалдық қолдау мақсатында жүзеге асырылады.

3.2. Бір оқу жылына магистратура мен докторантурада оқу ақысын төмендетуге үміткер болуға құқығы бар:

- халықаралық, республикалық, ғылыми жобалар конкурстарының; халықаралық және республикалық конкурстарының орындаушылардың және спорттық жарыстардың (ҚР Мәдениет және спорт министрлігі өткізетін спорттық жарыстардың тізіліміне енгізілген); соңғы жылдағы 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен марапатталған стартап-жобалардың халықаралық және республикалық конкурстарының жеңімпаздары, олимпиада, конкурс немесе жарыс олар таңдаған ОБ сәйкес келген жағдайда – 1 орын -20%, 2, 3 орын – 10%;

- ұлттық құрама мүшелері (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) - 20%;

- бірінші және екінші топтағы мүгедектер, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес ЖОО-да оқуға қарсы көрсетілімі жоқ, олар қажетті растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда-10%;

– патенттер мен алдын ала патенттердің, авторлық куәліктердің иегерлері-20%.

3.3. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-та оқу ақысын төмендету Басқарманың шешімі негізінде жүзеге асырылады. Оң шешім қабылданғаннан кейін «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ пен Университетте міндетті жұмыспен өтеуді көздейтін магистратурада/докторантурада (PhD) білім алушылар арасында келісім жасалады.



2

құқылы.

4.6. Оқу ақысын төмендету білім беру қызметтерін көрсету шартында көрсетілген оқу құнының тіркелген пайызында жүргізіледі.

4.7. Жетім балалар мен мүгедектерді қоспағанда, қашықтықтан білім беру технологиясы студенттерінің оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер алу мүмкіндігі жоқ.

4.8. Төлемге жеңілдіктер жасауға өтініштер Білім алушылар мен қызметкерлерге қызмет көрсету орталығының Ssc.ksu.kz порталы арқылы электрондық форматта қабылданады.

4.9. Құжаттар пакеті толық болмаған жағдайда комиссия білім алушының өтінішін қарамауға құқылы.

4.10. Білім алушылардың өтініштерін қабылдау мерзімі: 25 тамыз – 5 қыркүйек; 10 қаңтар – 20 қаңтар.

The image shows several handwritten signatures in blue ink, arranged in a loose cluster at the bottom of the page. There are approximately six distinct signatures, some appearing to be initials or full names in cursive script.